

Қазақстан Республикасы Конституциясы 55-бабының 1) тармақшасын және 82-бабының 1-тармағын ресми түсіндіру туралы

Қазақстан Республикасы Конституциялық кеңесінің 2000 жылғы 5 шілдедегі N 11/2 қаулысы

Ескерту. Қаулының мәтіні бойынша: «, алқаларының төрағаларын», «, алқаларының төрағалары», «алқаларының төрағаларына» деген сөздер алынып тасталды - ҚР Конституциялық Кеңесінің 2011.04.27 № 4 нормативтік қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесі Төрағасының міндетін атқарушы В.Д. Шопин, Кеңес мүшелері Ж.Д. Бұсырманов, А. Есенжанов, А.К. Котов және Қ.Ә. Омарханов қатысқан құрамда, өтініш субъектісінің өкілі - Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаты А.Қ. Дауылбаевтың қатысуымен, өзінің ашық отырысында Қазақстан Республикасы Парламенті бір топ депутаттарының Қазақстан Республикасы Конституциясы 55-бабының 1) тармақшасын және 82-бабының 1-тармағын ресми түсіндіру туралы өтінішін қарады.

Қолдағы бар материалдарды зерделеп шығып, баяндамашы - Конституциялық Кеңес мүшесі А.К. Котовтың баяндамасын, отырысқа қатысушылардың сөздерін тындалап, Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесі мынаны анықтады:

Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесіне 2000 жылғы 9 маусымда Қазақстан Республикасы Парламенті бір топ депутаттарының Қазақстан Республикасы Конституциясы 55-бабының 1) тармақшасын және 82-бабының 1-тармағын ресми түсіндіру туралы өтініші келіп түсті.

Өтініште баяндалғанындай, Сенаттың Республика Жоғарғы Сотының Төрағасын және Жоғарғы Сот судьяларын сайлауы практикада баламалы негізде жүргізілмейді. Парламент депутаттары Қазақстан Республикасы Конституциясы 55-бабының 1) тармақшасына және 82-бабының 1-тармағына ресми түсіндірме беруді, нақтырақ айтқанда: Республика Конституциясының жоғарыда келтірілген баптарындағы "сайлау" сөзі Республика Жоғарғы Сотының Төрағасы және Жоғарғы Сот судьялары қызметіне іріктеуді баламалы негізде жүргізу мүмкіндігін білдіре ме деп сұрайды.

Аталған конституциялық нормаларға түсіндірме бергенде Конституциялық Кеңес мұнаны негізге алады.

Республика Конституциясы 55-бабының 1) тармақшасында Сенаттың ерекше қарауына "Қазақстан Республикасы Президентінің ұсынуымен Республиканың Жоғарғы Сотының Төрағасын және Жоғарғы Сот судьяларын сайлау және қызметтен босату, олардың анттарын қабылдау" жататыны белгіленген. Осы сайлаудың тәртібі Қазақстан Республикасы Конституциясы 82-бабының 1-тармағында көзделген, оған

сәйкес Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының Төрағасын және Жоғарғы Сот судьяларын Республика Президентінің Республиканың Жоғарғы Сот Кеңесінің кепілдемесіне негізделген ұсынуымен Сенат сайлады.

Жоғарғы судьялық қызметтерге баламалы іріктеу Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасындағы соттар және судьялардың мәртебесі туралы" конституциялық заң күші бар Жарлығының 43-бабы 2-тармағында көзделген судьялықта кандидаттарға қойылатын талаптармен, біліктілік емтихандарын тапсыру және Жоғарғы Сот Кеңесінің кепілдемесін алу рәсімдерімен қамтамасыз етіледі. Тек осыдан кейін ғана Жоғарғы Сот Кеңесі Республика Президентінің Парламент Сенатына Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының Төрағасы және Жоғарғы Сот судьялары қызметіне сайлау үшін мінсіз репутациясы бар және заң белгілеген басқа да талаптарға лайық нақты адамдарды ұсынуына кепілдеме береді. Осы жоғарғы судьялық қызметтерден босату туралы ұсыным беру де тиісті тәртіппен жүргізіледі.

Парламент Сенатының жалпы отырысындағы келесі талқылауда Республика Президентінің Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының Төрағасы және Жоғарғы Сот судьялары қызметіне ұсынған кандидатураларын Сенат тиісті қызметтерге сайлады, бұл өз мәнінде еліміздің жоғарғы судьялық лауазымдарын сайлаудың демократиялық рәсімі болып табылады. Сенат, сондай-ақ тиісті судьялық лауазымға Президент ұсынған қандай кандидатура болса да қабылдамауға және сайламауға құқылы, мәселен, 1996 жылғы қазанда Республика Жоғарғы Сотын құру туралы мәселені Сенаттың қарau барысында осындай жағдай болды.

Көрсетілген лауазымды адамдардың кез-келгенінің сайланбауының құқықтық салдары Конституцияға сәйкес Жоғарғы Сот Кеңесінде барлық рәсімдердің қайталануы болып табылады. Республика Президенті Жоғарғы Сот Кеңесінің кепілдемелерін негізге алып, Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының Төрағасы және Жоғарғы Сот судьялары қызметіне бұрынғы ұсынған немесе басқа да кандидатураларын Сенатта сайлау үшін қайта ұсынуға құқылы.

Көрсетілген қызметтерге кандидаттарды басқа мемлекеттік органдардың, лауазымды адамдардың ұсынуы және өзге тәртіппен ұсыну қолданылып жүрген конституциялық құқықта көзделмелеген.

Баяндалғанның және Қазақстан Республикасы Конституциясы 72-бабының 1-тармағы 4) тармақшасының негізінде, Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесі туралы" конституциялық заң күші бар Жарлығының 17-бабы 3-тармағының 1) тармақшасын, 32, 33, 37-баптарын және 41-бабы 1-тармағының 2) тармақшасын басшылықта ала отырып, Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы Конституциясының 55-бабы 1) тармақшасын және 82-бабының 1-тармағын Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының Төрағасына және Жоғарғы Сот судьяларына өкілеттіктер берудің және оларды қызметінен босатудың

Республика Конституциясы белгілеген міндетті түрдегі әдісі және тәртібі деп түсіну
және қолдану көрек.

2. Қазақстан Республикасы Конституциясы 74-бабының 3-тармағына сәйкес, осы қаулы оны қабылдаған күннен бастап күшіне енеді және шағымдануға жатпайды, Қазақстан Республикасы Конституциясы 73-бабының 4-тармағында көзделген жағдайды ескеріп, Республиканың бүкіл аумағында жалпыға бірдей міндетті және тұпқілікті болып табылады.

3. Осы қаулы республикалық ресми басылымдарда қазақ және орыс тілдерінде жариялансын.

Қазақстан Республикасы
Конституциялық Кеңесі

Төрағасының міндеттін атқарушы

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заннама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК